# V МОДУЛЬ ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ

## 1-сабақ
## Мәжбүрлеу туралы әкімшілік талап қою

### 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| заңсыз | мәжбүрлеу |
| жер телімі | арыз көшірмесі |
| жеке меншік | жауап көшірмесі |
| растау | қорғау аймағы |
| шаршы метр | қолданысқа енгізу |
| әкімшілік талап | анықтама көшірмесі |
| заңға қайшы | мемлекеттік баж салығы |

### 2. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот+ы+на

Облыстық соты

Октябрь аудандық соты

Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі

Облыстық прокуратурасы

Қарағанды облысының полиция департаменті

Қарағанды қаласының полиция басқармасы

-не

-на

Тәуелденген барыс септігі
сот+ы+на
департамент+і+не

### 3. Мекенжайды жазып үйреніңіз.

Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй

**Қала атаулары:** Алматы, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Көкшетау, Талдықорған, Шымкент

**Көше атаулары:** Сейфуллин, Аманжолов, Абай, Ермеков, Ақын Сара



LIVEWORKSHEETS

## 5. Оқыңыз және есте сақтаңыз.

**Талап қоюшы:** Асан Серік Аскарұлы,
ЖСН 750520380115
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй т. 87014502021
**Жауапкер:** «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» ММ,
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Назарбаев көшесі, 39 телефон: 42-20-01

## 6. Үлгіге қарап толтырыңыз.

Талап қоюшы: ____________________

Мекенжайы: ____________________

Жауапкер: ____________________

Мекенжайы: ____________________

## 7. Қажетті сөздерді жазыңыз.

шаршы ______ жауап ______ жеке ______ арыз ______

мемлекеттік ______ қолданысқа ______ әкімшілік ______

қорғау ______ анықтама ______

**меншік** **баж салығы** **аймағы**

**енгізу** **көшірмесі** **талап қою**

**көшірмесі** **көшірмесі**

**телімі** **метр**

## 8. Тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.

______ телімі ______ көшірмесі

______ тану ______ көшірмесі

______ қайшы ______ аймағы

______ меншік ______ енгізу

______ құбыры ______ көшірмесі

______ метр ______ салығы

______ қою ______ сұрау



LIVEWORKSHEETS

## 9. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй мен қосымша жер телімі 1999 жылдан бастап менің жеке меншігімде. Үйдің жанына автокөлікке автотұрақ салдым. Салынған автотұрақ жартылай менің жер телімімнен сыртқа шығып тұр. Оны заңды түрде қолданысқа енгізу үшін жауапкерге қосымша жер телімін беруін сұрап, барлық қажетті құжаттарды қосып, мамырдың 15-де арыз тапсырдым.

15.06.2021 жылы берілген жазбаша жауабында «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер телімін беру мүмкін емес деп көрсетті. Себебі жанындағы су құбыры қорғау аймағында орналасқан.

Жауапта көрсетілген себептер негізсіз және заңға қайшы деп санаймын. Себебі, менің тарапымнан дайындалған жер орналастыру жобасында су құбырының иесі «Қарағанды Су» ЖШС-нің келісу туралы қолы мен мөрі бар.

## 10. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| жер | салдым |
| менің | қайшы |
| жер қатынастар | тарапымнан |
| заңды | себептер |
| жер орналастыру | телімі |
| қосымша | жеке меншігімде |
| автотұрақ | енгізу |
| қорғау | түрде |
| менің | аймағы |
| қолданысқа | бөлімі |
| заңға | жер телімі |
| қажетті | құжаттар |
| көрсетілген | жобасы |

## 11. Мәтін бойынша дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

| | дұрыс | бұрыс |
|---|---|---|
| Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй мен қосымша жер телімі 1999 жылдан бастап менің жеке меншігімде. | ✓ | |
| Мектептің жанына автокөлікке автотұрақ салдым. | | |
| Жанындағы су құбыры қорғау аймағында орналасқан. | | |
| Қажетті құжаттарды қосып, шілденің 15-де арыз тапсырдым. | | |
| Жауапта көрсетілген себептер негізсіз және заңды деп санаймын. | | |
| «Қарағанды Су» ЖШС-нің келісу туралы қолы мен мөрі бар. | | |



LIVEWORKSHEETS

## 12. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй мен қосымша жер телімі 1999 жылдан бастап менің жеке ________________________.

меншікте | меншігімде | меншігімнің

2. Үйдің жанына автокөлікке автотұрақ ________________________.

саламын | салып жатырмын | салдым

3. Берілген жазбаша жауабында «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер телімін беру мүмкін емес деп ________________________.

көрсетемін | көрсетіп жатыр | көрсетті

4. Жауапта көрсетілген себептер негізсіз және заңға қайшы деп ________________________.

санады | санаймын | санайсың

5. Су құбырының иесі «Қарағанды Су» ЖШС-нің ____________________ қолы мен мөрі бар.

дау айту туралы | келісу туралы | әрекет жасау туралы

## 13. Тыңдаңыз және жазыңыз.



LIVEWORKSHEETS

**Талап қоюшы:** Асан Серік Асқарұлы,
ЖИН 750520380115
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы,
Сарсеков көшесі, 20-үй т. 87014502021
**Жауапкер:** «Қарағанды қаласы жер
қатынастар бөлімі» ММ
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы,
Назарбаев көшесі, 39 телефон:
**Байланыс телефоны:** 42-20-01

# ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ

Қарағанды қаласы, Сарсеков көшесі, 20-үй мен қосымша жер телімі 1999 жылдан бастап менің жеке меншігімде. Үйдің жанына автокөлікке автотұрақ салдым. Салынған автотұрақ жартылай менің жер телімімнен сыртқа шығып тұр. Оны заңды түрде қолданысқа енгізу үшін жауапкерге қосымша жер телімін беруін сұрап, барлық қажетті құжаттарды қосып, мамырдың 15-де арыз тапсырдым.

15.06.2021 жылы берілген жазбаша жауабында «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер телімін беру мүмкін емес деп көрсетті. Себебі жанындағы су құбыры қорғау аймағында орналасқан.

Жауапта көрсетілген себептер негізсіз және заңға қайшы деп санаймын. Себебі, менің тарапымнан дайындалған жер орналастыру жобасында су құбырының иесі «Қарағанды Су» ЖШС-нің келісу туралы қолы мен мөрі бар.

Қосымша сұранысыма, 20.06.2021 жылы аталған ЖШС-гі Сарсеков көшесіндегі 20 үй қасындағы су құбыры 2015 жылы қолданыстан шығарылып, сол көшеге су басқа жағынан айналма су құбырымен берілетінін растады.

Осыған байланысты, 15.06.2021 жылы «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» Мемлекеттік мекемесі берілген жазбаша жауабын заңсыз деп танып, сұрап отырған, көлемі 30 шаршы метр жер телімін беруге жауапкерді мәжбүрлеуін сұраймын.

**Талап қоюшы:** _______________ 08.07.2021ж.

**Қосымша:**
— талап-арыз 3 дана;
— жеке куәлігі;
— мемлекеттік баж салығы;
— арыз көшірмесі;
— жауап көшірмесі;
— анықтама көшірмесі.



LIVEWORKSHEETS